



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

**№ 11 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2 0 0 8 Ж Ы Л Ғ Ы 1 С Ә У І Р**

**Халықаралық резервтер, ақша базасы және  
ағымдағы жылғы сәуірде ноталар  
шығарудың кестесі туралы**

**1. Халықаралық резервтер және ақша базасы.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2008 жылғы 31 наурызда мынадай болды:

	Ағымдағы бағалармен	Тұрақты бағалармен <sup>1</sup>
<b>Таза халықаралық резервтер, млн. долл.</b>	<b>19 262,3</b>	<b>19 026,7</b>
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы <sup>2</sup> таза активтер	17 231,7	17 231,7
Алтын	2 030,6	1 795,0
<b>Ақша базасы, млрд. теңге</b>	<b>1 578,9</b>	<b>1 578,9</b>
Тар ақша базасы <sup>3</sup> , млрд. теңге	1 494,3	1 494,3
ЕДБ <sup>4</sup> -нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	84,5	84,5
КЗТ/USD (кезең аяғында)	120,69	120,30
Алтынның бағасы (1 троя унциясы USD-мен)	937,25	828,50

*1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2007 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.*

*2 ЕАВ-дағы таза активтер – бұл жиынтық активтер мен міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма*

*3 Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы*

*4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер*

2008 жылғы наурызда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері ұлғайды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 1,2 %-ға (немесе 221,9 млн. долл.) өсті.

Ішкі валюта нарығында валюта сатып алу бойынша операциялар, Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуі Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтардың төмендеуімен ішінара бейтараптандырылды.

Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 300,4 млн. долл. ұлғайды, әлемдік нарықтардағы бағасының 3,3% төмендеуі нәтижесінде алтындағы активтер 78,5 млн. долл. азайды.

Тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 23 122,4 млн. долл.) 42 386,9 млн. долл. болды. Өткен аймен салыстырғанда 1,8% өскен.

Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің азаюы 2008 жылғы наурызда ақша базасының 0,04%-ға (немесе 606,1 млн. теңгеге) аздап тарылуына себепші болды.

## **2. Ұлттық Банк ноталарының 2008 жылғы сәуірде шығарылу кестесі.**

2008 жылғы сәуірде Ұлттық Банк Кестеге сәйкес қысқа мерзімді ноталардың 4 аукционын өткізеді.

<b>Датасы</b>	<b>Айналыс мерзімі, күн</b>	<b>Шығарылымның жарияланған көлемі, млрд. теңге</b>
04.04.2008	28	40
11.04.2008	28	40
18.04.2008	28	40
25.04.2008	28	40